

Тістерді жоғалту



Қабылдаған:

Орындаған: Ержігіт Н.

Тобы: СТК-330

Жоспары:

- 1. Тіс қатарының тұтастығының бұзылуына байланысты тіс жақ жүйесінің бұзылыстарының процесі.**
- 2. Тістер толық болмауына байланысты бұзылу процесстері**
- 3. Гаврилов бойынша тіс қатары ақауларының жіктелулері?**
- 4. Кеннеди бойынша тіс қатары ақауларының жіктелулері?**
- 5. Шредер бойынша тіссіз жақ сүйектірінің түрлері**
- 6. Көпіртекес протездерді қолдану көрсеткіштері**

Жартылай тістердің болмауы тіс – жақ сүйек аппаратының патологиялық жағдайының көп тараған түрі. Оның уликкасы әр түрлі, тістердің қалай және қай уақытта жоғалтқанын анықтау керек, тіс қатарында олардың орналасуы мен саны, қалған тістердің пародонты мен қатты тістерінң жағдайы, тістесу түрлерін анықтаймыз. Бұл кезде науқастың жасы, созылмалы аурулары, бұрын ауырған аурулары, тұқым қуалаушылық факторлары біраз әсерін тигізеді. Протездеу, ортопедиялық терапияның бір түрі бола тұрып, тіс қатарларын бұратын механизмдер мен тістерді жартылай жоғалтудың этиологиясын толығымен білгенде ғана нәтижелі болады. Протездеу тек жоғалтқан функцияны қалпына келтіру емес, сонымен қатар тіс доғасының әрі қарай сақталуын алдын алады. Осының бәрі ортопедиялық стоматологияның басты мәселелерін құрайды.

Жартылай тістерді жоғалту себептері әр түрлі. Олардың себебі тіс жегісінің асқынуы пародонтопатия, жарақаттар, бет жақ аймағында жаңа қалыптасуларды алуға жасалынған операциялар. Тіс жоғалту жиілігінің тек жасқа байланысты емес, жынысқа да байланысты екенін атап өткен дұрыс. Тіс жұлынғаннан кейін тіс доғасы өзгереді. Клиникалық көрінісі әр түрлі, ол жоалтқан тістердің санына, олардың тіс доғасында орналасуы, шайнау актісінде қызметі, тістесу түрі, қалған тістердің қатты тіндерінің және пародонттың жағдайы.

Жартылай тістерді жоғалту клиникасының басты симптомдары:

Тіс қатарының бір тұтастығынан бұзылуы

Тіс қатарының өздігімен қозғалушы тіс топтарына бөлінуі және екі басты тіс топтарымен байланыстың пайда болуы.

Қалған тістердің пародонтына функциональды қысымы

Тіс қатарының окклюзиялық беткейінің екіншілік деформациясы

Сөйлеу және шайнау қызметінің бұзылуы

ЖТЖ жүйесінің қызметінің бұзылуы

Бұлшықет қызметінің бұзылуы

Эстетикалық қалыптың бұзылуы

Көп себептердің бірі тіс қатарының оның бір тұтастығының жоғалуы, екі топ тістердің пайда болуы, сөйлеу қызметінің бұзылуы, тіс пародонтының функциональды салмақ түсіруі, тіс қатарының окклюзияның беткейінің деформациясы, осылардың бәрі тез арада пайда болмайды, тістердің одан әрі жоғалтуымен және тірек аппаратының ауруларымен байланысты.

Тіс қатарының тұтастығының бұзылуы ақаулар пайда болуынан туады. Тіс қатарының ақауы болып тістердің бірден он үшке дейін болмауы. Әр ақау оның тіс қатарында орналасуымен сипатталады. Ақау екі жағынан тістермен қоршалған немесе бір жағынан шеткері ақаулары.

Шет елдерде Кеннеди бойынша жіктелуі, тіс қатарларының ақаулары 4 классқа бөлінеді:

бір жақты шеткері ақаулары, шайнау тістерін жоғалтқаннан пайда болған. Бұл жағдайда тіс қатары үзіліссіз болады.

бір жақты шеткері ақаулары бар, қосымша изьяндардың болуына байланысты тіс доғасы екінші класстың подкласына жатуы мүмкін тіс қатарының бір жағында бүйір бөлігінде аралық ақауы бар тіс қатары жатады. Доғада қосымша ақаулар болған жағдайда үшінші класстың бір подкласына жатқызамыз

фронтальды бөліктегі ақау алдыңғы тістер жатады. Бұл класста подкласс жоқ.

Кеннеди жіктелуін қолданғанда бірнеше ақаулар болған жағдайда қиындықтар тууы мүмкін. Келесі тәртіп бойынша, егер бірнеше ақау болса, әр түрлі классқа жатқызады, тіс доғасын кіші классқа жатқызады.

Гаврилов бойынша жіктелуі:

шеткі ақау

қосылған ақаулар

комбинерленген ақау

жалғыз тұрған тістер

Жіктелуді аяқтай отырып бұлардың әрқайсысы өзінің қосымы мен алымы бар деуге болады. Кез келген жіктелу аурудың клиникасын зерттеуді жеңілдете отырып, сонымен қатар протездеудің жоспарын толығымен бере алмайды, протез конструкциясын таңдау ақаудың орналасуына ғана емес, сонымен қатар сауыттың жағдайына және қалған тістердің тірек аппаратына, окклюзиялық беткейге байланысты орналасуына, тістесу түріне, тіссіз альвеоляр өсіндінің сипатына, науқастың жасына және т.б. байланысты.

Тіс қатарының өздігімен қызмет жасайтын тістер тобына бөлінуі, функционирлеуші және функционирлемеуші тістер топтарының пайда болуы тістерді жартылай жоғалту клиникасында негізгі симптом болып саналады. Тіс қатарының біртұтастығы оның функционирлеуі мен қызметі үшін басты жағдай. Жеке тіс топтарының функциясы, сонымен қатар оның істе болуы тек тіс доғасының құрамында болады.

Тістерді жұлу оның біртұтастығын бұзып, оны бөлшектейді. Тістің бөлігі жоғалғаннан кейін тіс доғасының біртұтастығы морфологиялық, функциональдық қатынаста да жоғалады. Мұндай жағдайда тіс қатарлары өз алдына топтар болып бөлінеді немесе тұрған тістер болып бөлінеді. Олардың біреуі тіс – антогонистерін сақтап, қызмет жасап, функционирлеуші тіс топ қалыптастырады. Басқалары одан тыс қалып функционирлемеуші тіс топтары аталады.

Пародонтқа функциональды күш түсіру жартылай тістер болмағанда шайнау қысымын таратудың өзгеруіне байласынты, бұл тіс қатарының тұтастығының бұзылуы, тістердің санының азаюы, бұл тістер өзінің антогонистерімен қатынаста болады, аралас қызметтің болуы, окклюзиялық беткейдің екіншілік деформациясы, бұл деформация тістердің екіншілік ығысуымен туған өзгерістерге байланысты.

Тістердің жартылай жоғалуында болатын функциональды күш түсіру, тез арада пайда болмайды. Жарақатты окклюзияның дамуында жоғалған тістердің жалпы саны әлі де анықтаушы сәт болып саналмайды. Тістесудің биіктігін ұстап тұрушы және өзіне қысымды қабылдаушы жоғалған антогонистер саны маңызды. Ақау маңайында басында болатын күрделі қайта құрылыс, жеке тістер мен тіс топтарының орнының өзгеруімен байқалады.

Антогонистен қалыпта окклюзиялық қатынасты бұзатын тіс орналасуын өзгертетін, пародонтқа функциональды күш тудыратын, окклюзия кезінде қалыптан тыс бағытта еңкеюіне, тіс айналуына әсер етуші күш пайда болады. Сондықтан тіс орналасуының кез келген өзгерісі шамадан тыс күш түсуге жағдай жасайды.

Окклюзиялық беткейдің екіншілік деформациясы жарақатты окклюзияның дамуында басты себептерінің бірі болып табылады.

Біріншілік және екіншілік тістердің ығысуы болады. Біріншілік ығысу немесе бат-жақ аймағының форма қалыптастыру процесімен өтетін заңды биологиялық процесі болатын жарып шығару.

Екіншілік ығысу түсінігіне деформация немесе басқа патологиялар әсерінен болған тіс қатарының қалыптасуы мен жарып шығуынан кейін тіс орналасуының өзгерісі кіреді. Осымен байланысты беткейінің деформациясы екіншілік аталуы мүмкін.

Тіс қатарының біртұтастығы бұзылған кезде жабық күш шынжыры үзіліп, артикуляциялық тепе-теңдік бұзылады. Пайда болған ақаулар шайнау кезінде іске қосылатын жеке күштерді нейтронуацияланады. Мұндай кездерде шайнау қысымдар физиологиялық және жарақаттаушы факторлар тіс аппаратының бұзылуын күшейтіп, дамытатын болады. Екіншілік тіс ығысуы, тіс қатарының окклюзиялық беткейінің екіншілік деформациясы осы ыдыраудың мағынасы болады.

Адамның тіс аппараты үлкен функциональды мүмкіншіліктерге ие, сондықтан шамалы тіс болмағанда, басқа тістер көмегімен асты қажетті дәрежеде ұсақтап, компенсирлейді. Кеңінен қос антогонист тістердің саны қысқарғанда, шайнау әсері азайып, тамақты шайнау уақыты ұлғайып, ас түйірін қалыптастыру фазасы ұлғайып, асқорыту трактісінің төмен жатқан бөліктеріне салмақ түседі. Тісті жұлу сөйлеудің бұзылуына әкеліп соғады. Сөйлеу тек алдыңғы тіс болмаған жағдайда емес, сонымен қатар бүйір тістер болмағанда да өзгереді, өйткені бүйір тістер дыбыс қалыптастыруға қатысады.

Соңында тістердің болмауы науқастың сырт бет әлпетін бұзып, эстетикалық норманы бұзады.

Тістердің жартылай болмағанында шайнау қысымын бөлуде жадайының өзгеруіне байланысты буынның қалыпты қызметінің бұзылуы, тістесу биіктігінің төмендеуіне және тістердің екіншілік ығысуымен төменгі жақтың побочный экскурсиясының пайда болуы. Осы үш фактор буынның қайта құрылуымен функциональды күш түсіруіне әкеледі. Басында күш түсірудің ұлғаюы үйрену яни компенсаторлы, қайта құрылу, сосын өсуші функциональды қысым өзгеріске әкеледі.

Әдебиеттер:

- 1. Аболмасов Н.Г. Ортопедическая стоматология : Руководство для врачей, студ. / [et al.]. - М. : МЕДпресс-информ, 2005. - 496 с. : ил.**
- 2. Аубакиров, С.Е., Кожабаяев Н.К., Кожанова Р.Т. Ортопедиялық стоматология бойынша дәрістер курсы : Оқу-әдістемелік құрал / - Қарағанды, 2007. - 56 с**
- 3. Аубакиров С.Е., Ахмадишин И.М., Кубжасарова Г.У., Тіс протезін жасаудың технологиясы бойынша дәрістер курсы : Оқу-әдістемелік құрал / - Қарағанды, 2007. - 70 с**
- 4. Багмутов, Вячеслав Петрович, Данилина Т.Ф. Основы сопротивления материалов в стоматологии : Учеб. пос. / - Ростов н/Д : Феникс, 2007. - 206 с. : ил. - (Медицина)**

**Назар
аударғандарыңызға
РАХМЕТ!!!**